

"Білім алушыларды қорытынды аттестаттаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 27 ақпандағы № 261 қаулысының және " Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 12 мамырдағы № 288 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 6-тармағының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 25 тамыздағы № 507 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Білім алушыларды қорытынды аттестаттаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 27 ақпандағы № 261 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 34, 446-құжат);

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 12 мамырдағы № 288 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 6-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2016 ж., № 28, 166-құжат).

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Б. Сағынтаев